

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

Қолжазба құқығында

Байдалиев Дастан Құрбанбайқызы

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ӨҢІРЛІК ДАМУҒА ӘСЕРІ

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ Туралин А.З., э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Басқару институтының директоры: _____ Гаипов З. С. с.ғ.д.

Астана, 2023

Мазмұны

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	7
ҚОРЫТЫНДЫ	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	39
ҚОСЫМША.....	43

Нормативтік сілтемелер

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы № 648 бұйрығы.

«Ұлттық режимнен алудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 49 қаулысы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2015 жылғы 31 желтоқсанда бекітілген №1178 қаулысы

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №521 бұйрық.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII ҚРЗ.

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 №598 бұйрығы

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

Белгілер мен қысқартулар

Сатып алулар	- Мемлекеттік сатып алу
ҚРЗ	- Қазақстан Республикасы Заңы
ОТӨ	- Отандық тауар өндіруші
НҚА	- Нормативтік- құқықтық акті
ҰКП	- "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы
БҰҰ	- Біріккен ұлттар ұйымы
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ЖҚТ	- Жосықсыз қатысушылар тізімі
АҚШ	- Америка құрама штаты
ТЖҚ	- Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер
ТМС	- Тұрақты мемлекеттік сатып алу
ОСР	- Open Contracting Partnership (әлемнің барлық елдеріндегі мемлекеттік сатып алуларға қолжетімділіктің ашықтығы, ашықтығы деңгейін зерттейтін ұйым)

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мемлекеттік сатып алу дамыған елдердің де, дамушы елдердің де экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жылдан-жылға мемлекеттік сатып алу шығыстары сатып алуға бөлінген қаражат көлемінің айтарлықтай ұлғаюын көрсетіп отыр және сәйкесінше мемлекет бюджеті шығыстарының жалпы сомасының үштен бірінен астамын құрайды. Соңғы бес жылда сатып алуға бөлінген қаражат көлемінің өсу үрдісі 3 есеге жуық артып отыр [4]. Бұл бюджеттік қаражатты жұмсаудағы мемлекеттік сатып алу рөлінің маңыздылығын көрсетеді.

Бюджеттік шығындар кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді атқаруға әлеуетті өнім берушілерді анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүзеге асырылады. Тиісінше, өңірлерде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің уақтылы және сапалы орындалуы алдағы уақытта бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына және сонымен қатар өңір экономикасының дамуына әсер ететіні сөзсіз.

Қазыргі таңда өңірлердің экономикасы көбінесе республикалық бюджеттен келетін субвенцияларға тәуелді болып келеді. Осы орайда өңірлердің бюджетін республикалық бюджетке тәуелділікті азайту мақсатында жергілікті орындардағы шағын және орта бизнес пен жергілікті өндірушілерді қолдаумен салықтық түсімдерді арттыру және халықты жұмыспен қамту маңызды.

Бәсекеге қабілетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтерді өндірумен айналысатын жергілікті өндірушілерді орнықты дамыту үшін жағдайлар жасау, сонымен қатар олардың ішкі нарықтағы үлесін арттыру маңызды болып табылады.

Сонымен қатар жергілікті өндірушілерді қолдаумен жергілікті қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын жүйелендіруді және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді талап етуде.

Осыған орай, мемлекет басшысымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылдың 21 қаңтарда еліміздегі отандық бизнеспен кездесу барысында «Мемлекеттік сатып алу – үлкен экономикалық ресурс, оны дұрыс пайдалану керек. Бізде бұл мәселеде үлкен проблемалар бар. Әлі де бәсекеге қабілетті емес жолмен сатып алу үлесі үлкен: тек бағаға баса назар аударылады, параметрі бойынша сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы екінші жоспарға қойылады» - деп атап өтті Президент [2].

Содай-ақ, Президент жоғарыда аталған мәселеде бұл қазақстандық жеткізушілерді өндірісті бастау мүмкіндігінен жиі айыратынын, бір күндік компаниялар үшін қатты сүзгі жоқ екендігіне, импорттық өнімдерді Қазақстан өнім ретінде ұсынуды тоқтату қажеттігі жөнінде мәселелерді шұғыл түрде шешуді тапсырды.

Сонымен қатар бәсекеге лайықты тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жергілікті өндірісінің тұрақты дамуы үшін жағдай жасау және оларды ішкі нарықта өткізуін дамыту маңызды болып табылады.

Дәл осы орайда отандық өндірушілердің сатып алу барысында үлесін арттыру мақсатында сатып алуды жүзеге асырудың тұрақты тәжірибесін енгізу

арқылы мемлекеттік сатып алу Заңнамаларын жетілдіру мүмкіндіктерін зерделеуді қажет етеді.

Зерттеу объектісі - мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі жергілікті отандық тауар өндірушілер.

Зерттеу пәні – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде туындайтын қатынастар.

Магистрлік жобаның мақсаты - өңір экономикасын жақсарту үшін мемлекеттік сатып алудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар беру.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- мемлекеттік сатып алу бойынша ғылыми әдебиетке, нормативті-құқықтық актілерге шолу жасау;
- мемлекеттік сатып алулар бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу;
- отандық өндірушілерді қолдаудың тетіктерін қарастыру;
- мемлекеттік сатып алуды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу;

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиеттерді зерделеу, статистикалық көрсеткіштерді және деректерді талдау, синтез, салыстыру, SWOT талдау.

Ақпараттық база ретінде мемлекеттік сатып алудың веб-порталы, сатып алудың бірыңғай терезесінің порталы, Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетеньдері, Түркістан облысының статистикалық көрсеткіштері. Қазақстан Республикасының жарияланымдары, ғылыми еңбектері мен нормативтік құқықтық актілері пайдаланылды.

Күтілетін нәтиже: мемлекеттік сатып алу барысында жергілікті отандық өндірушілерді қолдау өңірлік дамуға оң әсерін береді.

Практилық маңызы: бұл жұмыстың негізгі мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органмен және жергілікті атқарушы билік органының іс-әрекетінде қолданылуы мүмкін.

Жарияланымдар. Магистрлік жоба тақырыбымен байланысты «Қазақстан жоғары мектебі (Higher education in Kazakhstan)» ғылыми журналының 2(2)а/2023 санында «Мемлекеттік сатып алу барысында өңірлік дамуға әсер етуші факторлар» атты тақырыбында 3 беттен тұратын мақала жарияланды .

Әдебиеттерге шолу

«Қазақстан 2050» Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытта дамудың ұзақ мерзімді болжамына, экономикада, мемлекеттік басқаруға және қоғамда тұрақты негізде ауқымды өзгерістер жүргізуге негізделген.

Осы кең ауқымды реформалар контекстінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі рөлдің артуын, азаматтардың өмірі мен әл-ауқатына әсерін ескере отырып, өңірлердің экономикалық дамуы басым бағыт ретінде белгіленді.

XX ғасырдың ұлы саясаткері Теодор Рузвельт өз сөзінде: «Бізді ұлы ұлт ететін байлығымыз емес, оны қалай пайдаланатындығымыз» деп біздің заманымызда өзекті мәселеге тоқталды. Қаржыны ұтымды жұмсаудың мемлекет үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінді.

Бүгінгі таңда экономикалық құқықтық актілер, мекемелер мен мемлекеттік сатып алу жүйесі заманауи қажеттіліктерге айтарлықтай тұрақты бейімделген. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің қағаздан электронды форматқа толығымен көшуі олардың тиімділігін арттырды. Сондай-ақ, электронды порталда сатып алуды кешенді пайдалану мемлекеттік сатып алу жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бөлімін жетілдірді. Жергілікті отандық өндірушілердің мемлекеттік сатып алуда үлесін арттыру өңір экономикасына серпін беретіні белгілі.

Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік сатып алу барысында процессуалдық және заңнамалық мәселелер шешімін таппай отыр. Магистрлік жобада зерттеуге алынған негізгі көздердің бірі мемлекеттік сатып алуды реттеудегі нормативтік құқықтық актілер және жергілікті өндірушілерді мемлекеттік сатып алуда барынша қолдау болып табылады. Тұтастай алғанда, мемлекеттік сатып алудың нормативтік құқықтық базасы келесі нормативтік құқықтық актілерден тұрады:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 04.12.2015 жылғы №434-V ҚРЗ.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.04.2015 жылғы №648 бұйрығы.

«Ұлттық режимнен алып тастаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №49 қаулысы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында ұлттық режимнен алып тастау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1178 қаулысы

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы №521 бұйрығы.

«Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 08.06.2021 жылғы №47-VII ҚРЗ.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі даму бағыттарын айқындайтын негізгі көздердің бірі Экономикалық ынтымақтастық

және даму ұйымының ұсынымдары негізге алынып келеді.

2019 жылы ЭЫДҰ тиімділікті арттыру жүйесін реформалайтын Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуларды жариялады. Бұл басылымда Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулар жүйесін жетілдіруде, ең алдымен, электронды сатып алуды жүзеге асыру саласында қол жеткізілген елеулі ілгерілеушіліктер көрсетілген. Үздік тәжірибеге сүйене отырып, шолу Қазақстан үкіметіне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әрі қарай қажетті реформаларды жүзеге асыруға көмектесетін саяси ұсыныстарды қамтиды.

Басылым мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін алты тақырыпты зерттейді:

- 1) құқықтық және институционалдық негіз;
- 2) сатып алу процесі (рәсімдер және әкімшілік тиімділікті арттыру);
- 3) электрондық сатып алу жүйесі (оның қолданылу аясын кеңейту және функционалдығын арттыру жолдары);
- 4) тәуекелдерді басқару және есептілік (қолданыстағы ішкі бақылау рәсімдерін және мемлекеттік сатып алуға жауапту мамандарының жұмысындағы этикалық нормаларды талдау);
- 5) стратегиялық функция ретінде сатып алу және кадрлық әлеует (таза басқарушылық міндеттерден шығу шарттары);
- 6) мемлекеттік кәсіпорындар (олардың проблемалары мен қиындықтарын мемлекеттік сатып алу жүйесінің мәселелерімен салыстыру) мәселелерін қамтиды.

Сонымен қатар «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі [1] Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік сатып алу саласын жетілдіру тапсырмасы қойылды.

Жолдауда Президент мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасауды. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болу қажеттігін. Сондай-ақ, мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіру қажет.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін "Мемлекеттік сатып алу бойынша" жаңа заң қабылдауға тапсырмасы берілді.

Осыған ұқсас мемлекет басшысымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылдың 21 қаңтардағы отандық бизнестің өкілдерімен сұхбаттасу барысында [2] «Мемлекеттік сатып алу – үлкен экономикалық ресурс, оны дұрыс пайдалану керек. Бізде бұл мәселеде үлкен проблемалар бар. Әлі де бәсекеге қабілетті емес жолмен сатып алу үлесі үлкен: тек бағаға баса назар аударылады, параметрі бойынша сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы екінші жоспарға қойылады» - деп атап өтті Президент.

Содай-ақ, Президент жоғарыда аталған мәселеде бұл қазақстандық жеткізушілерді өндірісті бастау мүмкіндігінен жиі айыратынын, бір күндік компаниялар үшін қатты сүзгі жоқ екендігіне, импорттық өнімдерді Қазақстан өнім ретінде ұсынуды тоқтату қажеттігі жөнінде мәселелерді шұғыл түрде шешуді тапсырды.

Осыған орай, магистрлік жобада ҚР мемлекеттік сатып алу веб-

порталындағы статистикалық мәліметтері пайдаланылды. Соңғы бес жылдағы деректер қарастырылды: сатып алуға бөлінген жалпы сомма, шартты үнемдеу, іріктеуді пайдалана отырып, сатып алу әдістерін таңдау статистикасы, бәсекелестіктен тыс сатып алулардың үлесі, пайдаланушылар саны және мелекеттік сатып алуға жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің үлесі т.б. қарастырылды.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жетілдіру бойынша және жергілікті өңірде тауар өндірушілерді қолдау тәжірибесінің қолданылуын зерттеу мақсатында Қытай, Ұлыбритания, Жапония, Бразилия, Канада, Италия, Испания сияқты бірқатар шет елдердің тәжірибесі зерттелді. Шетелдік сауда алаңдарында іске асыру әдістері, үлгі түрі, отандық өндірушілерді қолдау, сатып алу саласына қатысты уәкілетті органдардың негізгі деректері зерделенді.

Мемлекеттік сатып алу – әлемдегі ең үлкен нарық. Әрбір үшінші долларды әлем елдері жеткізушілермен келісім-шарт жасасуға жұмсайды. Open Contracting Partnership and Spend Network-тың соңғы есебіне сәйкес, дүние жүзіндегі үкіметтер тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуға жылына 13 триллион доллар жұмсайды, оның 3%-дан азы (363 миллиард доллар) ашық жарияланады. [20]

Ашық деректер – сатып алудың әрбір кезеңінде ақпаратты қадағалау және алудың қуатты құралы.

Дәл осы идеямен мемлекеттік сатып алу кезеңдерінің абсолютті ашықтығы мақсатына жету үшін Ашық Келісімшарттық Серіктестіктің зерттеу серіктестік тобы құрылды. Бұл компания ынтымақтастыққа шақырады және бүгінде ол әлемнің 50-ден астам елінде жұмыс істейді.

Магистрлік жоба аясындағы зерттеулер үшін ОКЖ жұмыстары талданды. Компанияның ресми сайтында сатып алу саласындағы зерттеудің соңғы нәтижелері ұсынылған, даму перспективалары, жаһандық және жекелеген елдердегі проблемалар талқыланады.

Бұл ретте жаһандық ауқымда әлемнің 33 елінің тендерлері бойынша мәліметтерді біріктіретін «Opentender» аналитикалық платформасының деректері пайдаланылды. [20]

Сондай-ақ шетелдік зерттеу үшін деректер Дүниежүзілік банк, Экономикалық ынтымақтастық және даму көздері ұйымы (ЭЫДҰ) сияқты көздерден алынды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу саласында отандық және шетелдік ғалымдардың бірқатар зерттеулері мен еңбектері бар.

Қазақстандық авторлардың ішінде ғылыми мақалалар мен зерттеулер түріндегі елеулі еңбектер: Толуев Е., Мұхтар Е., Молдабаев С., Айдарбаев С., Бегжан А., Үмбетбаева Ж., Жүнісбекова Ғ., Хамитов Ж.

Шетелдік авторлардан келесі авторлардың еңбектері зерттелді: Шадрин Е., Покровская В., Ускова У., А.Бухтяров, Киселева В., Ткаченко Б., Порошин С., Родионова Ю, Шешукова Т., Морозова А., Чорбаджян, Абрамова Е, Л.Налбандян Н., Ломакина О., Ромодина И.

Олардың арасында тоқталуды қажет ететін қызықты көзқарастар болды. Шахова Г.Я., Крадинов П.Г.-ның пікірінше, мемлекеттік сатып алу жүйесінің

тиімділігі ТЖҚ сатып алудың ең төменгі бағасы емес, баға, сапа, шарт талаптары сияқты критерийлерге сәйкес келуі керек. Автордың пікірінше, қомақты сома үнемделсе де, бұл көрсеткіш формальды болуы мүмкін, ал өткізілген аукциондар негізінен тиімсіз. [7]

Тиімділіктің нәтижесі келісім-шарттың төмен бағасында емес, сатып алудың өмірлік циклімен бірге жүретін жалпы шығындарды есепке алуда, мысалы, операциялық шығындар, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, кәдеге жарату және т.б. деп автормен келісу керек.

Авторлары Шадрина Е.В., Богорад, Е.Л., Ромодина И.В. Егер мемлекет тұрақты даму идеясын, жергілікті өңірлік экономиканың тиімділігін, салауатты қоршаған ортаны және қоғам игілігін көздейтін болса, онда мемлекеттік сатып алулар осы бағытты көрсетуі керек және мемлекет оларды жүзеге асырудың үлгісі болуы керек деп есептейді. [9]

Авторлар С.Молдабаев пен Н.Катаевтың айтуынша, мемлекеттік сатып алу арқылы әлеуметтік-экономикалық міндеттерге қол жеткізу тек тапсырыс берушілердің кәсібилігінде ғана мүмкін. Сондай-ақ мемлекетті кәсіпқойлық принципін жетілдіруге бағыттаудың маңыздылығы атап өтілді [10].

Сатып алушылардың кәсібилігі бастапқы кезеңде ықтимал осалдықтардың алдын алады, сол арқылы мемлекеттік секторды басқару тиімділігін арттырады деп есептейтін Трепте П., мемлекеттік тапсырыс берушілердің кәсібилік принципіннің маңыздылығын да атап өтеді [11].

Авторлардың мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне қол жеткізу жөніндегі көзқарастары әртүрлі болғанымен, ұсынылған бағыттар өзекті және маңыздылығы жағынан кем емес. Бүгінгі таңда ТЖҚ бағасы мен сапасының арақатынасы, жергілікті өндірушілерді қолдауда мемлекеттік тапсырыс берушілердің білім деңгейін арттыру мәселелері шешімін таппай отыр.

Бұл ретте магистрлік жобаның ақпараттық базасы ретінде конференцияның әдістемелік материалдары, дөңгелек үстелдер, семинарлар, зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстанның нормативтік-құқықтық актілері және жаһандық интернеттегі басқа да ақпараттық-іздістіру жүйелері пайдаланылды.

Бүгінгі таңда әдебиеттік базада мемлекеттік сатып алу саласында маңызды орынды алатын тұлғалардың: жетекші практиктердің, қадағалау органының, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама департаментінің тиісті жұмыстарының аз саны бар. Бұл салада өзекті болып табылатын отандық зерттеулер, ұсыныстар, мамандардың пікірлері аз.

Әртүрлі дереккөздерді талдау сатып алу саласын одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Жалпы, еліміздегі мемлекеттік сатып алу саласы тұрақты дамуға, ашықтықты, отандық өндірушілерді қолдауды, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бейім, бірақ бүгінгі таңда қабылданып жатқан шаралардың нәтижелері тиісті тиімділікті бермей отыр.

Зерттеу әдісі

Еліміздегі мемлекеттік сатып алу саласының қазіргі жағдайын талдау үшін осы саладағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Жұмыста мемлекеттік сатып алудағы веб-порталдың есептік деректері, Қаржы министрлігінің, Дүниежүзілік банктің статистикалық деректері пайдаланылды. Талдау және синтез әдісі сатып алу жүйесін бөліктермен де, тұтастай да зерттеді.

Бұл магистрлік жобада мемлекеттік сатып алудың құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы, заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, халықаралық экономикалық ұйымдардың, Дүниежүзілік банктің ұсыныстары талданды.

Тиісті ақпараттық деректер ғалымдардың еңбектерінен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының есептері, ішкі мемлекеттік аудиттен үзінді көшірмеден, мемлекеттік сатып алудың отандық веб-порталынан және шет елдерден алынған материалдардан, жаңалықтар порталдарынан, сондай-ақ мемлекеттік органдардың баяндамаларынан және халықаралық шолулардан зерделенді және зерттеу тақырыбына пайдаланылды.

Талдау барысында зерттеу мәні үшін SWOT талдауы қолданылды және процесте проблеманы қою, салыстырмалы талдау, деректерді топтау, жүйелік талдауды пайдалану, индукция әдісі, сонымен қатар сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды және мемлекеттік сатып алудың нақты аспектілерін зерделеуге алынды.

Статистикалық байқау «Мемлекеттік сатып алулар порталы. Қазақстан Республикасының электрондық сатып алу жүйесі сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы, жалпы ел бойынша және өңірлер бойынша саны, әдістері, көлемі және басқа да мәліметтер туралы деректерді жинау және ұсыну үшін сүзгіні, сондай-ақ тізілімдерді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сатып алу порталындағы тіркелген әлеуетті өнім берушілер тізілімінен отандық ТЖҚ-дің өндірушілері жөніндегі деректер пайдаланды. Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың тізілімінде тіркелген тапсырыс берушілер мен жеткізушілердің көрсеткіштері талданып, белсенді емес қатысушылардың үлесі анықталды. Жосықсыз қатысушылар тізілімінде және сатып алу әдістері контекстінде жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізулер туралы ақпарат пайдаланылды.

Шетелдік тәжірибені зерттеуде салыстырмалы талдау қолданылды. Бұл талдау әдісі әлем аймақтарына тән ерекше белгілері бар сатып алу жүйелерінің құрылысын зерттеуге мүмкіндік берді. Соның негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі әртүрлі аспектілерге қатысты негізгі нәтижелер мен қорытындылар тұжырымдалды, олар дамыған мемлекеттерде сатып алу саласындағы тиімді аспектілерді тарту мүмкіндігін анықтады.

SWOT талдау зерттеу объектінің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ оның даму мүмкіндіктері мен тәуекелдерін анықтауға бағытталған. Осылайша, тұрақты мемлекеттік сатып алу үдерісін жүзеге асыруды бағалау кезінде оның ішкі күшті жақтары зерттеледі.

Бұл ретте әлеуетті мүмкіндіктер (жаңа өнімдер мен қызметтер нарығын


құру, халықтың осал топтарын қолдау, сатып алудың бүкіл өмірлік циклі бойына жинақтау және т.б.) және тәуекелдер (МЖӘ талаптарына сәйкес келетін жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, жетіспеушілік) талданады. МЖӘ тәжірибесі және т.б.). Тұрақты сатып алуды жүзеге асырудың бұл бағасы оң болды және маңызды күшті жақтарын анықтады.

Мәліметтерді жинау жылдар бойынша мемлекеттік сатып алулардың динамикасын көрнекі түрде қарауға, қабылданған шараларды және олардың конкурстардың нәтижелеріне әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Жасалған шарттар туралы жарияланған хабарландырулар туралы ұсынылған ақпараттық деректер сатып алу рәсімдерін одан әрі жетілдіру үшін өткен тәжірибені зерделеуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу әдістерінің нәтижелері сатып алу рәсімдерін жетілдіруге және отандық өндірушілерді қолдаумен байланысты нақты іс-шараларды анықтауға көмектеседі және жүйелі түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау

Жалпы алғанда, мемлекеттік сатып алуға жаһандық шығындар шамамен жылына 13 триллион доллар. Төмендегі диаграммада (1-сурет) көріп отырғаныңыздай, Қытай 4,2 триллион доллар жұмсайтын әлемдегі ең ірі мемлекеттік тұтынушы болып табылады, АҚШ шығындары Қытай қарағанда шығындардың жартысынан аз 1,8 трлн доллар, басқа 10 ел жылына 100-ден 1 триллион долларға дейін жұмсайды. Кему ретімен олар: Жапония, Германия, Үндістан, Франция, АҚШ, Ұлыбритания, Индонезия, Канада, Италия, Оңтүстік Корея, Австралия, Бразилия, Нидерланды, Ресей және Испания. Қалған елдер жылына 2 триллион доллардан сәл астам қаржы жұмсайды [12].



1-сурет - Мемлекеттердегі сатып алуға арналған шығындар

Ескертпе - автормен дереккөз негізінде құрастырылған [11]

Мемлекеттік сатып алудағы шетелдік тәжірибе біздің мемлекет үшін үлкен қызығушылық тудыратыны сөзсіз. Дамыған елдердің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудағы жинақталған тәжірибесі қазақстандық тәжірибеде белгілі бір ережелерді алуды қарастыру мүмкіндігі болып табылады.

Сатып алудың әртүрлі жүйелеріне айтарлықтай әсер ету ұлттық заңнаманың ерекшеліктеріне, тиісті салалардың басымдықтарына және елдің экономикалық саясатының ерекшеліктеріне байланысты.

1-кестеде шет елдердің сатып алу жүйелері талданады және артықшылықтар көрсетілген:

1-кесте. Шетелдік сатып алу жүйесінің тиімді жақтары

Мемлекет	Сатып алу моделі	Сатып алу агентігі	Сатып алу тәсілі	Тиімді жақтары
1	2	3	4	5
Қытай	орталықсыздандырылған	ұлттық даму және реформалар комиссиясы; қаржы министрлігі	ашық аукциондар; таңдаулы сауда-саттық; бір көзден алу	отандық ТЖҚ міндетті сатып алу; Мемлекеттік сатып алуды жергілікті өндірісті ұлғайту және сыртқы ресурс көздеріне тәуелділікті азайту құралы ретінде пайдалану; Отандық өнімді дамытуға үлес қосу
Жапония	орталықсыздандырылған	Министрлер Кабинетінің Әкімшілігінің құрамындағы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру басқармасы	ашық; таңдаулы; шектеулі деректер	аукционға біліктілігі мемлекеттік уәкілетті орган растаған өнім берушілер ғана жіберіледі
Бразилия	орталықсыздандырылған	Бюджеттік жоспарлау және басқару министрлігі	шақыру; конкурс; бәсекелестік; Баға ұсыныстарын сұрау; кері аукцион	сатып алудың жеңілдетілген рәсімдері: мемлекеттік тапсырыс берушілер сауда-саттықтың мәні ұқсас болса, тендерлік өтінімдерді жеңіп алған басқа тұтынушылардан ТЖҚ сатып ала алады және оларды сатып алу рәсімдерін жүргізуден босатады.
Канада	орталықтандырылған	Мемлекеттік жұмыс және қызмет министрлігі	электрондық сатып алу; дәстүрлі конкурс; алдын ала келісім-шартты жіберу туралы хабарлама	мемлекеттік сатып алу кезінде құндылықтар мен этиканы сақтау; Мемлекеттік сатып алу жөніндегі омбудсмен лауазымын енгізу
Германия	орталықсыздандырылған	Федералдық экономика және технология министрлігі	ашық конкурс; жабық конкурс; бәсекелестік келіссөздер диалогты рәсімдері	шарт ұсынысы экономикалық тиімді, бірақ ең төмен бағамен емес жеткізушімен жасалған

1-кестенің жалғасы

Испания	орталықсыздандырылған	Қаржы министрлігі және мемлекеттік басқару жанындағы Орталық кеңес	ашық аукцион; шектеулі тендер; келіссөздер моделі; бәсекелестермен диалог және, жеңілдетілген (шағын) сатып алулар; бәсекеге қабілетті жобалар	мемлекеттік сатып алу мониторингі жүйесі
Ұлыбритания	орталықтандырылған	Мемлекеттік сауда министрлігі	ашық конкурс; жабық конкурс; бәсекелестік келіссөздер диалогты рәсімдері	өртүрлі оқулармен, біліктілігін арттыру курстарымен меншікті кадрларды дайындау
Италия	орталықсыздандырылған	Мемлекеттік сатып алу органы	ашық; шектеулі; келіссөздер процедурасы конкурстық диалог тікелей марапаттау	жеткізушілермен тығыз ынтымақтастық; Бүкіл республика бойынша жеткізушілер үшін мемлекеттік оқу орталықтарын құру. Жабдықтаушылар оқыту, құқықтық қолдау алады
Ескертпе - автормен дереккөз негізінде құрастырылған [13]				

Қытай мемлекетіндегі сатып алу туралы Заңында көзделгендей, егер шетелдік тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің бағасы отандық өндірістен 20% төмен болмаса, мемлекеттік тапсырыс берушілер отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы керек. Қытай аукционындағы шетелдік жеткізушілердің белсенділігі айтарлықтай шектелген [14].

Қытай елінің мемлекеттегі сатып алу бағыты отандық өндірушілерді экспортқа қолдауға, сондай-ақ инновациялық өнімдер мен технологияларды дамытуға бағытталған. Бұл стратегияның негізгі артықшылықтары:

- отандық өнімге қомақты үлесті арттыру;
- әлемдік қаржы нарықтарының конъюнктурасына тәуелділіктен құтылу;
- негізгі шетелдік брендтердің тауарларына жергілікті өндірістің аналогтарын құру;
- қосымша шарттармен келіскен шетелдік жеткізушілерден өнімді сатып алуға артықшылық беру, мысалы, келісім-шарт бойынша әзірленген инновациялық өнімге айрықша құқықтарды тапсырыс берушіге беру;

Сондай-ақ, сатып алулардың бұл тәсілі өндірісте жоғары жұмыспен қамтуға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл жұмыссыздықтың айтарлықтай төмендеуіне ықпал етеді [15].

Бразилияның мемлекеттінің сатып алу жүйесі елдегі өндірушілерді қорғау шараларын біршама кеңінен қолданады. Бразилия елі өзге елдердің өндірушілеріне неғұрлым қолайлы ұлттық режимді және преференцияларды пайдаланды.

Сондай-ақ, Бразилия конституциясына негізделген мемлекеттік сатып алу саласына қатысты ережелер қамтылған. Негізгі элементі ашық конкурс болып табылатын отандық және шетелдік компаниялар үшін мемлекеттік сатып алудың тең тәртібі. Тендер бағасы жеңімпазын анықтаудың негізгі факторлары. Дегенмен, екеуін таңдағанда ұлттық және шетелдік өндірушілердің баламалы ұсыныстары, Заң мемлекеттік сатып алуда ұлттық өндірушілерге артықшылық беруді белгілейді.

Шетелдік компанияларға мемлекет ішінде жергілікті өкілдік болғанда ғана, Бразилия мемлекетінің сатып алу нарығына қол жеткізу мүмкіндегі ашылады. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу саласында отандық және шетелдік бизнестің ынтымақтастығы белсенді дамып келеді. Көбінесе шетелдік компаниялар тендерде жеңіп шыққан кейін ұлттық компанияларды қосалқы мердігерлері ретінде мемлекеттік тапсырыстарды орындауға береді.

Бразилия мемлекеті өздерінің сатып алу туралы заңдарына, отандық кәсіпорындарға ынталандыру мақсатында 25% - ға дейін баға преференциясын беретін шара түрінде өзгертулермен толықтырулар енгізген. Бұл аталған шара негізінде инновациялық технологияларды дамыту, экономикалық өсуді және жұмыспен қамту деңгейін арттыруды көздейді.

Жоғарыда көрсетілген қабылданған шаралар келесі тауарларға қолданылды:

- ел ішінде өндірілген тауарлар;

- бразилиялық компаниялар шығарған немесе ұсынған тауарлар;

- Бразилияның ғылыми-зерттеу және әзірлеу секторларына

инвестиция салған компаниялар өндіретін немесе қамтамасыз ететін тауарлар;

Бұл аталған қолдаулар жаңа жұмыс орындарын ашуға, пайда алуға, салық жинауға, елде инновациялық өндіріске және жаңалықтар ашуға негізделді [17].

Жапондық сатып алу жүйесінің ерекшелігі жеткізушілерді аукционға қатысуға жіберу шарттары болып табылады. Жабдықтаушылар біліктіліктен өтуге және оны 3 жыл сайын растауға міндетті. Кейбір сауда-саттық талаптарында біліктілік бір жылдан кешіктірілмей аяқталуы керек. Біліктілікті уәкілетті органдар сандық көрсеткіштерді анықтау арқылы растайды. Келесі критерийлер қарастырылады: кәсіпорын капиталы, айналым қаражаты, өткізу деңгейі, еңбек ресурстары, құрал-жабдық құны.

Жабдықтаушының тиісті біліктілігінің болмауы шарт жасасудан жалтаруға, келісім-шарттарды жасамауға, адал емес әрекеттерге әкеліп соғатын, тапсырыс берушіге зиян келтіретін негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл бағыттағы жұмыс сатып алудың тиімділігін қамтамасыз етеді және сәтсіз сатып алулар мен сот ісін жүргізу үлесін азайтады [16].

Канада жемқорлық деңгейі ең төмен он елдің қатарына кіреді. Қадағалау органының қызметі екі бағыттан тұрады: проблемаларға ден қою және алдын алу. Профилактикалық қызмет этикалық нормаларды сақтаудан, этикалық мәселелер бойынша оқыту мен кеңес беруден, мониторингтен тұрады.

Осы бағыттағы шаралардың бірі этика және этикалық нормалар бойынша тренингтер белсенді түрде өткізу көзделген. Сатып алулар саласындағы әзірленген әдеп кодексі ерекшеліктерді ескере отырып, ішкі бақылау механизмінде тиімді құрал қызметін атқарады.

Сонымен қатар, Этика кодексі жалпы принциптерді, мінез-құлық ережелерін, моральдық құндылықтарды біріктіру арқылы тұтынушылар мен жеткізушілер арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Германияның мемлекеттік сатып алулар саласындағы экономикалық саясаты тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің ақша құнының сәтті үлгісі болып табылады. Жеңімпазды анықтау кезінде шешуші шарт ең төменгі баға емес, баға мен сапаның ең жақсы үйлесімі, әлеуетті жеткізушінің тәжірибесі, сенімділік, қаржылық тұрақтылық және тапсырыс беруші мен жеткізуші арасындағы одан әрі қарым-қатынасты дамыту болып табылады[18].

Испанияда мемлекеттік сатып алудың тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік сатып алу мониторингін енгізу принципті маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Ол үшін елде мемлекеттік сатып алу обсерваториясы коммерциялық емес ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйым сәтті дамып, осы саладағы сарапшылар, ғалымдар үшін идеялар зертханасы қызметін атқаруда. Обсерваторияны құрудағы мақсат – сатып алу жүйесін сапалы дамыту бойынша ұсыныстар енгізу. Обсерваториялардың міндеттеріне мінсіздікке, жоғары бәсекеге қабілеттілікке, мемлекеттік сатып алу жүйесінің ашықтығына қол жеткізу, шағын бизнеске көмектесуге, отандық компаниялардың халықаралық нарыққа шығуы кіреді.

Итальяндық сатып алу жүйесі тендерлердің көлеміне байланысты жеткізушіге қойылатын бірқатар талаптармен, сондай-ақ жеткізушілермен тығыз ынтымақтастықпен сипатталады. Мысалы, Италия еліміздің барлық аймақтарында жеткізушілер үшін электронды құралдарды пайдалану бойынша оқытуды қамтамасыз етеді. Бұл шаралар шағын бизнесті дамыту үшін пайдалы, кәсіпкерлердің сатып алу нарығына шығуын жеңілдетеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған елдердің тәжірибесі жақсы реттелетін мемлекеттік сатып алу жүйесімен қызықты, олардың көпшілігі тұрақты сатып алу қағидаттарын қолдануға көшті. Басты назар отандық немесе жергілікті өндірушілерді қолдауды және ұлттық басымдықтарды бірінші қойып отыр. Сондай-ақ, бұл елдерде этикалық кодекстің болуы және сыбайлас жемқорлықтың салыстырмалы түрде төмен деңгейін атап өткен жөн. Opentender аналитикалық порталының деректеріне сәйкес, 2-кестеде көрсетілгендей, ADMC фактор-V бойынша алынған адалдық көрсеткіштері «Еуропалық елдердегі сатып алу нарығы элементтерінің жалпы ауқымы соңғы бес жылда тұрақты болды және жоғары деңгейде бағаланады:

2-кесте. Еуропа елдеріндегі сатып алу саласындағы факторлық шкаладағы

саналылық деңгейі

Жыл/ Ел	Франция	Италия	Германия	Испания	Ұлыбри гания	Швей цария	Болга рия	Порту галия
2018	77,18	72,45	80,07	65,92	81,97	89,20	78,63	77,27
2019	78,17	71,73	80,28	65,14	80,92	89,55	79,65	77,32
2020	78,12	68,97	80,52	61,22	81,31	89,09	78,95	77,08
2021	78,54	68,97		60,13	80,32	87,98	77,65	77,11
2022	78,34	56,60	80,68	60,3	75,86	92,22	73,68	77,82
Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [19]								

Тұтастық көрсеткіштері жоғары елдер Швейцария, Германия, Франция бір мезгілде 69,37-ден 82,42-ге дейін мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығының жоғары деңгейіне ие. Дегенмен, ОСР зерттеулеріне сәйкес, өте аз елдер мемлекеттік сатып алу шығындарының қалай жұмсалатыны туралы толық ақпаратты ашады. ОСР талдауына сәйкес, жария түрде жарияланған мемлекеттік келісімшарттар тек 362 миллиард долларды немесе жалпы әлемдік шығындардың 2,8% құрайды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік келісім-шарттардың 2%-дан азы (244 миллиард доллар) әлемде мойындалған ашық келісімшарт деректері стандарты арқылы жарияланады. Аукцион туралы хабарламалар бүкіл әлемде ашық жарияланғанымен, аукционның сомасы, басталу және аяқталу күндері сияқты негізгі деректер қол жетімді емес [20].

Қазақстанда деректердің ашықтығы тұрғысынан «Зерттеу» ҒЗИ белсенді бақылаушылары әлеуметтік желілерді пайдалана отырып белсенді жұмыс істеуде. Қарапайым тілмен жазылған және анық визуализациямен сүйемелденген команданың коммуникациялық стратегиясы оны БАҚ пен жұртшылық үшін негізгі делдалға айналдырды.

COVID-19 Сатып алу мониторингі жобасы іске қосылғалы бері Zertteu Facebook парақшасында сатып алуды зерттеуге қатысты 80-нен астам жазбаларды жариялады. Талданған сатып алу келісімдерінің жалпы сомасы 53 млрд (шамамен 126 миллион АҚШ доллары)[21].

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің дамуын неғұрлым егжей-тегжейлі салыстырмалы зерттеу үшін біз жыл сайын ОЭСР, Ислам даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп зерттеулер жүргізетін Дүниежүзілік банк және Азия даму банкі ұсынған Қазақстан бойынша зерттеуінің нәтижелерін қарастырамыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жүйесін бағалаудың нәтижелері нормативтік құқықтық базаға, институционалдық негізге және басқару әлеуетіне, сондай-ақ тұтастығына, есеп берушілік пен ашықтыққа негізделген және сатып алу жүйелерін бағалау әдістемесін пайдалана отырып ұсынылған.

Бағалау баллдармен жүргізіледі, оның негізінде мемлекеттік сатып алуды дамыту бойынша елдердің рейтингі құрастырылады. 140 мемлекет қатысқан зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстан 63 ұпайға (мүмкін 100) баға берді. Бұл

көрсеткіш өте жақсы нәтиже, дегенмен мемлекеттік сатып алу саласын жақсарту бойынша белсенді жұмысты қазіргі кезеңде тоқтату мүмкін емес.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реттеуде көпжылдық тәжірибесі бар шетел мемлекеттерінің енгізу тәжірибесін қарастыру нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың ең маңызды және ерекше аспектісінің тиімділігін атап өтуге болады. Сатып алу саласындағы басқару жүйесі дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық жүйеге қатысты сатып алу тәжірибесінің келесі оң аспектілерін анықтауға болады:

- сатып алу жүйесін отандық жеткізушілерді қолдауға бағдарлау, сол арқылы халықты толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

- жабдықтаушылардың міндетті біліктілігі;

- қайталама сауда-саттықсыз, ұқсас сатып алудың тапсырыс берушілерінің жеңімпазынан GWS сатып алу мүмкіндігі;

- мемлекеттік сатып алуда әдеп кодексін енгізу;

- ең төмен бағамен емес, үнемді жеткізушімен шарт жасау;

- әзірленген мемлекеттік сатып алу мониторингі жүйесі;

- мемлекеттік сатып алушыларды оқыту, жиі аралықпен семинарлар, тренингтер өткізу;

- отандық жеткізушілердің құқықтық мәселелері бойынша кеңес алу, қолдау көрсету.

Талдау және зерттеу нәтижелері

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуда жергілікті өндірушілерді қолдау жүйесін талдау

Қазақстанда соңғы жылдары мемлекеттік сатып алу арқылы пайдаланылған шығыстардың көлемі жыл сайын артып келеді, бұл олардың ел экономикасындағы рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Бөлінген бюджет қаражатының көлемі соңғы бес жылда 46,5%-ға өсіп, 2022 жылы 7,27 трлн. құрады немесе жалпы ішкі өнімнің 7,2%-құраған. Сатып алу көлемінің орташа жылдық өсімі шамамен 14,4%, сатып алудағы ЖІӨ-нің өзгеруі 9,9% құрайды. 2022 жылы сатып алу көлемінің өсуі (16,1%)

Егжей-тегжейлі талдау үшін 3 кестені қарастырамыз.

3-кесте. Мемлекеттік сатып алудың бюджеттің шығыс бөлігіндегі үлесі, Қазақстан Республикасының ЖІӨ-ге бөлігі

Жыл	Мемлекеттік бюджеттен шығыстар, млрд. теңгені құрады	Сатып алуға бөлінген сома, млрд	Жалпы шығындардағы сатып алу үлесі, млрд	ЖІӨ млрд. теңге	Сатып алудың ЖІӨ-дегі үлесі, млрд. теңгені құрады
2018	11 400,3	3 877,4	34,0 %	80 326,4	4,83 %
2019	12 028.12	4 434,7	36,9 %	81 401,6	5,45 %
2020	14 234.10	6 590,02	46,3 %	73 306,24	8,99 %
2021	18 035.60	5 973,3	33,1 %	88 300,8	6,76 %
2022	21 500.10	7 276,4	33,8 %	100 103,27	7,27 %

Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4], [22]

Сонымен қатар, өңірлер арасында бюджеттен бөлінген қаржының басым бөлігі Түркістан облысына келгені белгілі. Осы орайда облыс бойынша мемлекеттік сатып алуға бөлінген сомма мен мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалу көрсеткіші төмендегідей орын алып отыр.

4-кесте. Түркістан облысы бойынша мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарының орындалуы


Көрсеткіштер	2018		2019		2020		2021		2022	
	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
Тауарлар	32,7	32,7	43,9	43,8	23,9	23,7	21,5	21,4	46,2	45,7
Жұмыстар	65,6	65	73,4	73,1	123,6	122,8	107,4	105,3	282,3	282,1
Қызметтер	56,5	56,5	86,3	86,3	68,1	68,0	90,5	88,9	158,6	157,6
	154,8	154,2	203,6	203,2	215,6	214,5	219,4	215,6	487,1	485,4

Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4]

Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік тапсырыс берушілердің саны 27 531 ұйымды құрайды. 2016 жылдан бері тіркелген пайдаланушылар саны 3709-ге артты.

Еліміз бойынша сатып алу веб-порталында 450 733 әлеуетті өнім беруші тіркелген, оның ішінде 2023 жылғы жағдай бойынша 380 077 қатысушы белсенді емес. 2016 жылдан бері жеткізушілер атынан тіркелген пайдаланушылар саны 208 2012 қатысушыға, яғни 2,9%-ға өсті.

Бұл көрсеткіштер мемлекеттік сатып алу жүйесінде автоматтандырудың табысты дамуын, ашықтықты арттыруды және веб-порталдағы әлеуетті жеткізушілер арасындағы бәсекелестікті көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, қатысушылар мен ұйымдастыру нысандары туралы деректер 2-суретте көрсетілген.



2-сурет - Сатып алу веб-порталында тіркелген мемлекеттік сатып алуға қатысушылар

Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4], [22]

Осы орайда веб-порталында тіркелген шағын және орта бизнестен тіркелушілер саны басым екендігі көрініп отыр.

Ағымдағы жағдай талдай отырып, жергілікті қамтуды арттыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау елдің және өңірдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы маңызды.

Жергілікті кәсіпкерлерді қолдаудың маңызды шараларының бірі - мемлекеттік сатып алулардағы жергілікті қамту үлесін арттыру. Жергілікті және атқарушы органдарға, орталық мемлекеттік органдарға, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілеріне отандық тауар өндірушілерге баса назар аудару өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік

органдардың сатып алуларында жергілікті қамтудың төмен деңгейі анықталғанын және көтеру бойынша тапсырмасыда берілген.

Мемлекеттік органдармен салыстырғанда квазимемлекеттік сектор айтарлықтай жоғары көрсеткіштерді көрсетіп келеді. Мысалы, егер мемлекеттік органдардың сатып алуларында жергілікті қамту үлесі 40 % сәл астам болса, тікелей «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры бойынша сатып алуларында ол 77% жетті. Бұл ретте «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 58,2 % құраған [31].

Осыған орай мемлекеттік органдардағы мемлекеттік сатып алу барысында отандық жергілікті өндірушілердің үлесін арттыру бойынша жергілікті атқарушы органдар тарапынан кешенді шаралар қабылдау талап етіп отыр.

Жалпы алғанда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы бойынша басты принциптерінің бірі отандық отандық тауарларды өндірушілерге, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің отандық орындаушыларға еліміздегі ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету қарастырылған.

Осындай қолдаулар өңір эномикасының дамуына септігін тигізетіні сөзсіз. Қазыргы кезде мемлекеттік сатып алу барысында Қазақстанда отандық тауар өндірушілерді қолдау әртүрлі салаларда мемлекеттік сатып алулар кезінде қазақстандық өндірушілерге жеңілдіктер беру арқылы заңнамалық деңгейде жүзеге асырылып келеді. Жалпы, отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік сатып алу арқылы қолдаудың бірнеше жолы бар. Олар:

1. Ұлттық режимді қолдану арқылы отандық тауар өндірушілерді қолдау шетел мемлекеттерінен шығарылатын тауарларға, тиісінше шетелдік жеткізушілер орындайтын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында ұлттық режим қолданылады. Мемлекетіміз 2019 жылғы 14 қазанда Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялады, осылайша ЕАЭО-ға мүше елдердің әлеуетті жеткізушілері үшін сатып алуларды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді алды.

Сонымен қатар «Ұлттық режимнен алып тастауды белгілеудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 49 қаулысымен тауарлардың төмендегі түрлері бойынша белгіленген.

5-кесте Ұлттық режимнен алып тастауға жататын, шет мемлекеттерде шығарылатын тауарлар тізбесі

№	Атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды	ТЖҚ БНА
1	2	3	4
11	Лифтілер, траволаторлар, эскалаторлар мен жаяу адамдарға арналған жылжымалы жолдар	8428102002 8428400000	282216.900.000008 282216.900.000009

5-кестенің жалғасы

12	Автоматтандырылған газ тарату станциясы, блокты газ реттеу пункті, газ өлшеу қондырғылары (станциялары)	8404100000 9026208000	265165.000.000011 265166.990.000025 265170.900.000001
13	Жиынтық тарату құрылғылары мен орта және төмен кернеулі қосалқы станциялар	8537209200 8537109800	251110.300.000010 251110.300.000011
14	Ашық тарату құрылғылары	8537209800	271232.900.000003
15	Интеграциясы, цифрлық релелік қорғанышы бар және цифрлық басқарылатын жиынтық трансформаторлық	8537209200	271141.300.000024 271141.300.000025 271141.300.000026
16	РҚА цифрлық құрылғылары	8536411000 8536419000	271223.500.000002 271224.500.000015
77	Жоғары вольтты ажыратқыштар	8535290000	271210.300.000001 271210.300.000004
88	Жоғары вольтты айырғыштар	8535210000 8537209800	271210.530.000000 271210.530.000001
99	Комбайндар	8433201000 8433510009 8433591109	283023.700.000000 283051.300.000000 283059.200.000000
10	Тракторлар	8701919000	283010.000.000000
11	Ершікті тартқыштар	8701211019 8701221019	291043.000.000000 291043.000.000001
12	Автобустар	8702101193 8702101199	291030.300.000001 291030.300.000002
13	Жеңіл автомобильдер	8703211010 8703211099	289226.500.000000 289229.000.000002
14	Жүк автомобильдері	8704213200 8704413101	289222.000.000004 289223.000.000000
15	Арнайы техника	8705100091 8705200001	289222.000.000004 291044.000.000001
116	Калибрлеушілерді қоса алғанда, газды, сұйықтықты немесе электр энергиясын беру немесе өндіру есептеуіштері: ауыспалы токқа арналған көп фазалы, бір фазалы электр энергиясын есептеуіштер; газ есептеуіштері.	9028301900 9028301100 9028100000	26516.700.000001
Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [25]			

Бұл еліміздегі отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары болып табылады.

2. Біліктілікті алдын ала іріктеу конкурсы арқылы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілерді қолдауы. Яғни, электрондық өнеркәсіптің сенімді бағдарламалық жасақтамасы мен өнімдері бойынша біліктілік алдын ала іріктеу

конкурс арқылы сатып алынатын ТЖҚ тізімін құрайды. Мұндай сатып алуға өнеркәсіптік сертификаты бар отандық өндірушілер ғана қатыса алады.

Отандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген кәсіпорындар өнеркәсіптік сертификат алады. Өнеркәсіптік сертификат - тауарларды, жұмыстарды және қызметтердің отандық өндірушілердің тізілімінде болуын растайтын құжат. Яғни, өнеркәсіптік сертификат - отандық өндіруші мәртебесін растайтын құжат болып табылады.

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын ТЖҚ тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы №521 бұйрығымен төмендегідей тізімдер анықталған.

6-кесте біліктілікті алдын ала іріктеу конкурсы тәсілімен жүзеге асырылатын ТЖҚ тізбесі

№	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің атауы
1	Электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілген, сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және бағдарламалық қамтамасыз етуге және электрондық өнеркәсіп өнімінің санатына (ақпараттандыру объектілерінің сыныптауыштарына сәйкес) жататын тауарлар және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтер.
Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [27]	

3. «Мүгедектердің және олардың ұйымдарының» қоғамдық бірлестіктерін қолдау бойынша. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 51-бабы, 2-тармағы, 2) тармақшасында осы ТЖҚ жылдық көлемі бойынша сатып алуға бөлінген жалпы қаражаттың кемінде 50 %-ы мөлшерін ұйымдастырушылар еліміздегі мүгедектігі бар қоғамдық бірлестіктерінің және олармен құрылған ұйымдары өндіретін тауарларды сатып алуға міндетті.

Жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің жылдық жоспардағы 100 %-ы мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алуымыз тиіс.

Отандық тауар өндірушілер болып саналатын мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар төмендегідей ТЖҚ өндіреді:

Тауарлар: жеңіл өнеркәсіп тауарлары, шаруашылық тауарлары, ағаш бұйымдары, жиһаз, мүгедектерге арналған жүріп-тұру құралдары, гигиеналық құралдар;

Жұмыстар: аумақты көгалдандыру жұмыстары;

Қызметтер: мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту техникасын (таяқтар, балдақтар, көтергіш құрылғылар мен механизмдер, жасанды ағаш аяқтар, телерадиоаппаратура) құрастыру, жеткізу, жөндеу және қызмет көрсету, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған көліктерге қызмет көрсету, жөндеу мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емдеуді және демалысын ұйымдастыру және аумақтарды, орын-жайлар жинастыру, абаттандыру

клинингтік қызметтер, көгалдандыру, кір жуу қызметтері, полиграфиялық көрсетілетін қызметтер [23].

4. Құрылыс-жұмыстарын сатып алу кезінде отандық тауар өндірушілерді қолдау Жобалық-сметалық құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздемелер) дайындау бойынша жұмыстарды және құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде ЖСҚ әзірлеушілер мен құрылыс-монтаждау жұмыстарын мердігерлер қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.11.2015 жылғы №1107 бұйрығын басшылыққа алынады.

ТЖҚ және оларды жеткізушілердің дерекқорының көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқоры Қазақстандық (отандық) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілердің интернет-порталы <https://www.ks.gov.kz/>.

Осылайша: 1. ТЭН/ЖСҚ әзірлеу кезінде жобалаушы немесе мердігер жобалық-сметалық құжаттамада, техникалық-экономикалық негіздемеде қазақстандық тауарларды, жұмыстарды өндірушілердің деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын пайдалануды көрсетуге міндеттенеді [24].

2. Мердігер келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін "Қазақстандық қамту" қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндірушілердің деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға міндеттенеді.

ЖСҚ әзірлеушісі, деректер базасынан отандық ТЖҚ пайдалануды көрсетеді.

Деректер базасында:

- 1) жергілікті өндірушілер көрсететін жұмыстар мен қызметтер;
- 2) «СТ-KZ» формасындағы қазақстанда шыққандығын растайтын сертификаттары бар тауарлар;
- 3) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жергілікті өндірушілер мен жергілікті отандық жеткізушілердің тізбесі;
- 4) құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын отандық өндірушілердің тізілімі;
- 5) жиһаз өнімдерін отандық өндірушілердің тізілімі көрсетілген.

5. Келесі жергілікті отандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің өндірушілерін қолдау Қаржы министрінің №648 бұйрығы негізінде бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасында да қарастырылып отыр.

Мысалы: егер әлеуетті өнім беруші құрылыс монтаждау және жобалық сметалық құжаттама дайындау жұмыстары бойынша конкурс ұйымдастырылып жатқан облыстың немесе қалалардың аумағында орналасқан жағдайда 1 балл түрінде шартты жеңілдік береді. Осындай шартты жеңілдікпен жергілікті әлеуетті өнім берушілерге артықшылық беріледі [24].

Сонымен қатар жергілікті тауар өндірушілердің ынталандыру тетіктерінің бірі офтейк-келісім шарттар арқылы болашақта өндіруге жоспарланған тапсырыс берушілердің тауарларды кепілді сатып алу арқылы қолдаулар қарастырылған.

6. Орта білім ұйымдарында және мектепке дейінгі тәрбие беру


ұйымдарында тамақтандырумен байланысты азық-түлік тауарларын және ыстық тамақ беру қызметтері бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 31.12.2018 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген.

Осы аталған бұйрықта отандық тауар және қызметтердің өндірушілердің дамуы үшін жағымды қолдау шаралары қарастырылған.

Мысалы: СТ-КЗ сертификаты бар отандық тауар өндірушілер үшін конкурста шартты бағалау критериилері бойынша 3 балл беріледі [27].

Жалпы мемлекет тарапынан мемлекеттік сатып алуда Заңның негізгі принциптерінің бірі отандық тауар өндірушілерге және отандық жұмыс пен қызметті көрсетушілерді халықаралық шарттарға қайшы болмайтын шамада қолдау қарастырылған.

Түркістан өңірі республикасы халық жағынан ең тығыз орналасқан облыстардың бірі болып саналады. Өңір бойынша 484 жергілікті өндірушілер бүгінгі таңда облыста тіркеліп отыр. Облыс көлеміндегі жергілікті өндірушілер жөніндегі мәліметті төменде 3-суретте көре аламыз.



3-суретте Түркістан облысында тіркелген жергілікті өндірушілер

Ескертпе – автормен дереккөз негізінде құрастырылған [22].

Аталған өндірушілер негізінен өсімдік және мал шаруашылығы өнімдері, минералды өнімдер, химиялық өнімдер, ағаш және ағаштан жасалатын бұйымдар, тоқыма өнімдері, аяқ-киім, бас-киім тауарлары, құрылыс материалдары, металл және металдан жасалатын өнімдер, тау-кен өндіріс, машина құрастыру өндіріс, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз өндіру, фармацевтикалық өндіріс, құрылыс өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсіп, әйнек шығару өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі салаларында шоғырланған.

Осы орайда өңірдегі ең ірі деген отандық өндірушілер төмендегі 7-кестеде көрсетілген


7-кесте Түркістан облысында ірі деген жергілікті өндірушілер

	<p>Turkestan Textile</p>	<p>«Turkistan Textile» тігін фабрикасы Түркістан қаласының индустриялық аймағында 2 гектар аумақта орналасқан. Өнімдері: төсек-орынның сорттары, әртүрлі комбинезондар, спорттық жабдықтар, медициналық қызметкерлерге арналған киімдер және т.б.</p>
	<p>Катко</p>	<p>Түркістан облысы Созақ ауданындағы Қазақстан-Франция КАТКО бірлескен кәсіпорны осы бағыттарды игеруге екі лицензия алды. 2005 жылы жұмысын бастаған және бірнеше тонна ғана өндірген КАТКО төрт жылдың ішінде жерасты ұңғымаларын шаймалау (ISL) әдісін қолданатын әлемдегі ең ірі уран өндіруші компаниялардың біріне айналады. 2019 жылы КАТКО 40 000 тонна уран өндірді.</p>
	<p>ЮКМЗ АҚ</p>	<p>«ЮКМЗ» АҚ Түркістан облысындағы және Қазақстандағы ең ірі машина жасау зауыттарының бірі болып табылады. Зауыт ауыл шаруашылығы және мұнай өнеркәсібі, сондай-ақ коммуналдық және басқа да бірқатар салалар үшін жабдықтар шығаруда. Сонымен қатар су көтергіш жабдықтарды, мал фермалары мен алыс жайылымдарға арналған машиналарды, сондай-ақ мұнай, газ үшін стандартты емес жабдықтарды жеткізуші болып табылады.</p>
	<p>Dala fruit</p>	<p>«DALA-FRUIT.KZ» ЖШС 2012 жылы Түркістан облысының Сайрам ауданында құрылған. Бүгінгі таңда бұл негізгі қызмет саласы озық технологияларды пайдалана отырып, алма және басқа да жемістерді өсіру, сақтау және өңдеу болып табылатын серпінді дамып келе жатқан компания.</p>
	<p>АХБК</p>	<p>Арнайы киімдерді өндіру. Компания қуатты технологиялық және бағдарламалық құрал-жабдықтары және үлкен интеллектуалдық әлеуеті бар өндірістік құрылым болып табылады.</p>
	<p>Статус Эверест</p>	<p>Пластикалық қоқыстарды қайта өңдеу</p>
	<p>Lengerskoe</p>	<p>«Балмұздақ» ЖШС – Түркістан облысындағы балмұздақ пен мұздатылған тағамдардың ірі өндірушісі және Қазақстан Республикасындағы жетекші өндірушілердің бірі болып табылады.</p>

7 кестенің жалғасы

	<p>K.AZ TEL</p>	<p>«K.AZ TEL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірістік қызметін 2010 жылы бастады. Негізгі қызмет түрі кернеуі 3 кВ дейінгі кабельдік және сымдық бұйымдарды өндіру болып табылады. «K.AZ TEL» ЖШС кабель зауыты Түркістан облысындағы ірі өндіріс орындарының бірі болып табылады. Кәсіпорынның ең заманауи технологиялық жабдықтары мен жетілдірілген сынақ қондырғылары бар, бұл оқшаулаудың әртүрлі түрлерімен тек жоғары сапалы кабель және сым өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді.</p>
	<p>Глобус плюс</p>	<p>Компания консервілеудің ең жақсы дәстүрлі рецептерін жинап, сақтап қана қоймай, өнімдердің ассортиментін кеңейте отырып, оларды жетілдіріп келеді. Компания 2003 жылы құрылған. Зауытта екі өндірістік цех бар, барлық қажетті инфрақұрылымдар орнатылған. Өнім ассортиментінде 60-тан астам атау бар: жеміс-жидек тосаптары, компоттар, маринадталған және консервіленген көкөністер, салаттар.</p>
	<p>Эластополимет</p>	<p>«Эластополимет» ЖШС тау-кен және байыту жабдықтарына арналған резеңке бұйымдардың толық кешенін шығарады. Резеңке қосалқы бөлшектер мен резеңке-металл бұйымдар флотация, жіктеу, сүзгілеу, ұсақтау, рудаларды өңдеу процестерінде қолданылатын жабдықтарда қолданылады. Жаңа технологияларды, эксклюзивті резеңке қосылыстарын қолдану, өнімдері жоғары сапасы қосалқы бөлшектердің қызмет ету мерзімін арттыруға мүмкіндік береді.</p>
	<p>Бөрте милка</p>	<p>Производство молочных продуктов и молока.</p>


7 кестенің жалғасы

 <p>КЕНТАУСКИЙ ТРАНСФОРМАТОРНЫЙ ЗАВОД</p>	<p>Кентауский трансформаторный завод</p>	<p>«Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы экономиканың барлық салаларына, соның ішінде электр энергетикасы, металлургия, машина жасау, электр энергетикасы салаларына жеткізілетін, кең ауқымды қолдану үшін төмен және жоғары вольтты трансформаторлар мен электр жабдықтарын шығаратын жетекші қазақстандық өндіруші ретінде белгілі. көлік, мұнай-газ кешені, тұрғын үй-коммуналдық сектор. «Кентау трансформатор зауыты» фирмалық атауы бар жабдықтар бүкіл ТМД аумағында сенімді жұмыс істейді. Зауыт 60 жылдық тарихында 400-ден астам өнім түрін шығаруды игерген.</p>
<p>Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [36].</p>		

Өңірдегі жергілікті өндірушілердің бірі «Кентау трансформатор зауыты» АҚ. Елімізде «Кентау трансформатор зауыты» АҚ электр энергетикасы, металлургия, машина жасау, көлік, мұнай-газ кешені, және коммуналдық сектор мен тұрғын-үй құрылысын қоса алғанда, экономикалық барлық салаларына жеткізілетін кең ауқымды қолдану үшін трансформаторлық жабдықтың жетекші өндірушісі ретінде белгілі. «Кентау трансформатор зауыты» брендімен ТМД және Орталық Азияда сенімді жұмыс істеп келеді.

Соңғы жылдары зауыт 400-ден астам тауар түрін өдіруде. Зауыттың негізгі стратегиясы – нарықтық сапа, баға, жеткізу мерзімін және көрсетілетін қызмет бойынша тұтынушылардың талаптарына сай келетін үздік электротехникалық өнімдерін қамтамасыз етуде. Бүгінгі таңда зауыт заңды түрде отандық электротехника өнеркәсібінің көшбасшысы, трансформаторлық жабдықтардың жетекші өндірушісі ретінде танымал.

Зауыт модернизациялау барысында КСРО кезіндегі ескі өндірістік құрал-жабдықтардан арылып, Батыс пен Еуропаның жетекші компанияларының соңғы үлгідегі жоғары технологиялық жабдықтарына көшті. Зауытта тауарларды өндірудегі жергілікті қамту үлесі 85 % құрайды.



4-суретте «Кентау трансформатор зауыты» АҚ соңғы жылдары тауарларды жеткізуге мемлекеттік сатып алуда түзілген келісім-шарттарының соммасы.

Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4].

«Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы Түркістан облысы өңірінде ірі отандық тауар өндірушілердің бірі. Зауыт әлеуметтік бағдарлану бойынша қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтары қорғалған. Сонымен қатар қызметкерлерді оқыту, жеңілдетілген санаториялық демалуға жеңілдетілген жодамалар, атаулы күндерге сыйақы төлеп келуде. Бүгінгі таңда зауытта 1023 адам жұмыс істейді.

Зауыт соңғы 5 жылда жалпы соммасы 14 млрд 532 млн 305 мың теңге салықтық төлемдерді бюджетке аударған. Салықтық төлем 2022 жыл 2021 жылмен салыстырғанда 16,7 % артып отыр.

Төмендегі 5-суретте «Кентау трансформатор зауыты» АҚ салық төлемдерінің жылдар бөлігінде көрсетілген.



5-сурет «Кентау трансформатор зауыты АҚ-ның» төленген салықтары

Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [37].

Осыған орай, мемлекеттік сатып алу барысында отандық өндірушілерді қолдаумен өңірдегі халықтың жұмыспен қамтылуын, өмір сүру деңгейінің көтерілуі және салықтық түсімдерді арттыру арқылы өңір экономикалық өсуіне серпін беретіні сөзсіз.

Жоғарыда аталғандармен жергілікті отандық өндірушілерді қолдауды талдау жүргізе отырып, Түркістан облысы бойынша соңғы 5 жылдағы жергілікті өндірушілердің мемлекеттік сатып алу келісім шарттардағы үлесін 8-кестеден көре аламыз.

8-кесте Түркістан облысы бойынша мемлекеттік сатып алуда түзілген келісім-шарттар

млн. теңге


жылдар	Тауарлар		Жұмыстар		Қызметтер	
	келісім-шарт соммасы	жергілікті өндірушілер үлесі	келісім-шарт соммасы	жергілікті өндірушілер үлесі	келісім-шарт соммасы	жергілікті өндірушілер үлесі
2018	2 701,5	185,4	797,5	304,4	3214,3	667,6
2019	43 935,7	15 563,9	73 438,3	18 186,9	86 034,3	17 926,2
2020	54 407,9	18 303,1	142 377,0	49 233,1	103 496,8	18 066,6
2021	40 231,4	12 130,2	103 949,9	45 495,9	114 297,3	34 577,5
2022	45 398,9	13 577,3	104 912,5	30 058,9	130 105,2	32 728,0
жиыны	186 675,40	59 759,90	425 475,20	143 279,20	437 147,90	103 965,90

Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4]

Жоғарыдағы мәліметтердің негізінде Түркістан облысында соңғы бес

жылда сатып алу веб-порталында тапсырыс берушілер жалпы соммасы 1 трлн. 49 млрд. 298 млн. теңге болатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу келісім шартын түзген. Оның ішінде жергілікті өндірушілердің үлесі 307 млрд. теңгені, яғни 29,5% құраған.

Жоғарыда аталған жергілікті өндірушілердің мемлекеттік сатып алуда түзілген келісім-шарттарының жылдар бойынша үлесі төменде б-суретте көрсетілген.



6-суретте Түркістан облысы бойынша соңғы 5 жылдағы тапсырыс берушілердің түзілген мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарда жергілікті өндірушілердің соммасы

Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4]

Сонымен қатар, облыстағы жергілікті өндірушілердің үлесі 2021 жылмен салыстырған 2022 жылы 17,2 % төмендеген.

Жоғарыда аталғандардың негізінде мемлекеттік сатып алуда жергілікті отандық өндірушілерді қолдаумен өңір экономикасына әсер етуін талдау барысында төмендегідей проблемалар бар:

1. ҚР Қаржы министрінің №648 бұйрығы негізінде бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасына сәйкес жергілікті отандық өнім берушілер өңірдегі тапсырыс берушілермен сатып алу бойынша түзілген келісім-шарттарын орындау бойынша жеткізілген тауарлардың 44-қосымшаға, орындалған жұмыстардың және қызметтердің 45-қосымшаға сәйкес жергілікті отандық өндірушілердің үлесі жөнінде есеп орналастырумен анықталып отырады.

Тауарлардың өндірушілері отандық тауар өндіруші ретінде «СТ-KZ» сертификаттарын тіркеумен растайды.


Аталған өндірушілер тауар өндіруші ретінде растайтын «СТ-KZ» сертификаттары 1 жылға немесе 3 жылға беріліп, мерзімі өткен жағдайда отандық

өндіруші ретінде дәлелдеу процесін қайтадан жүзеге асырып, қиындықтар туындайды. Осыған байланысты отандық өндірушілер тізімінен біршама өндірушілер шығып қалып жатады.

Жергілікті өндірушілердің өзінің өндіруші ретінде дәлелдеудің қиын механизмі, яғни өндіруші ретінде растайтын СТ-KZ сертификатын алуда «Атамекен» ҰКП жергілікті өкілдігіне өндіруші ретінде растаудың қиындығы.

Республика бойынша елімізде ағымдағы жылды қоса есептегендегі соңғы бес жылда 362 362 тауар түріне отандық өндіруші ретінде СТ-KZ сертификаты берілген. Бұл көрсеткіш Түркістан облысы бойынша жергілікті өндірушілерге берілген СТ-KZ сертификаты 5912 тауарға ғана берілген. Республикамен салыстырғанда Түркістан облысында 1,63 % ғана тауарға СТ-KZ сертификаты алынған. Бұл төмен көрсеткіш.

9-кестеде Түркістан облысы бойынша соңғы 5 жылда алынған СТ-KZ сертификаттар.



9-кесте Түркістан облысы бойынша жергілікті өндірушілерге берілген СТ-KZ сертификаттар

Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [38]

2. Осындай жағдай, мемлекеттік сатып алуда біліктілікті алдын ала іріктеу конкурсы тәсілімен бекітілген тізімге сәйкес тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметті өндірушілер арасында жүзеге асырылып келді. Аталған тізімде:

- Құрылыс жұмыстары,
- жиһаздық өнімдер,
- жеңіл өнеркәсіпке жататын тауарлары,
- автокөліктер,

- электрондық үкіметтің ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту бойынша қызметтері болған.

Бүгінгі таңға аталған тізімге өзгерістер енгізіліп, тек компьютер тауарлары:

- моноблок,
- катриждер,
- вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету ғана қалған.

3. Кейінгі мемлекеттік сатып алуда белгіленетін қаржылық тұрақтылық түріндегі біліктілік талаптарының болуы. Отандық өндірушінің төленген салықтық көрсеткіштері өткен жылдың алдыңғы жылдағы кірісі 3% артық болған жағдайда қаржылай тұрақты деп танылып, жалпы соммасы 4000 айлықтық есептік көрсеткіштен асатын соммадағы мемлекеттік сатып алуға қатысуы. Яғни отандық өндірушінің төленген салықтық көрсеткіштері 3% төмен болған жағдайда қомақты соммадағы мемлекеттік сатып алуға қатысудан шектеледі.

4. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуда жоғарыда аталған қолдаулардан бөлек сатып алудың өзге тәсілдерінде (*аукцион, конкурс, бір көзден сатып алу тәсілі және баға ұсыныстарын сұрату*) өзге әлеуетті өнім берушілердің тауардың бағасын негізсіз төмен түсіру фактілері жиі орын алуда, яғни, тауардың сапалық деңгейіне емес, төмен бағалық негізбен жеңімпаздар айқындалуда. Бұл отандық өндірушілердің тауарларын өткізуіне, атқаратын жұмыстарына және көрсетілетін қызметін жүзеге асыруына бір шама кері әсерін беріп келеді.

5. Сондай-ақ, өңірлердегі мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандардың мемлекеттік сатып алу саласында білікті деңгейінің төмен болуы да бар. Мемлекеттік сатып алу процесін жүзеге асыру барысында негізсіз күрделендіретін талаптарды белгілеуі, белгілі бір әлеуетті өнім берушіге тиесілі немесе шетелдік тауарларға сілтеме бере отырып, сол тауарлардың техникалық ерекшеліктерін сатып алу барысында талап ретінде белгілеуі, сатып алу тәсілін заңға сәйкес анықтамауы, яғни отандық өндірушілер арасында жүзеге асыратын тәсілдерді таңдамауы сияқты заң бұзушылықтар болуда.

Жергілікті өндірушілерді қолдауда мемлекеттік сатып алуды жетілдіру

Осы орайда жергілікті өндірушілерді қолдау өңір экономикасы дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Мемлекеттік сатып алу барысында отандық өндірушілерді қолдауда жергілікті өндірушілерді дамыту үшін мықты және оның әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптерін SWOT талдауда анықтауға болады.

Ел экономикасының негізгі салаларындағы отандық өндірушілердің үлесін арттыруға ықпал ететін және кедергі келтіретін негізгі факторлар төмендегі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте. Жергілікті өндірушілерді қолдауда SWOT талдаймыз

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> - жергілікті өндірушілерді дамыту бойынша қолдаудың жүйелі және жедел шаралар кешеніннен тұратын заңнамалық базаның болуы, отандық өндірушілерге арналған преференциялық режимнің қолданылуы; - мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда, ұлттық компанияларда және басқа да мүдделі тараптарда жергілікті қамтуды дамыту бойынша арнайы ұйымдардың/ институттардың және тиісті құрылымдық бөлімшелердің болуы. - халық тығыз орналасқан Түркістан облысы өңірінде арзан еңбек күшінің болуы; 	<ul style="list-style-type: none"> - мүдделі тараптар жағынан жергілікті қамтуды дамыту кезінде күш-жігерді тиімді үйлестірудің жеткіліксіздігі; - жергілікті отандық өндірушілерді қолдауда, жергілікті қамтуды дамыту бойынша сервистік қолдайтын тетіктердің болмауы; - өндірілген өнімдердің сапасы бойынша нарықтық өнімдерге сай келмеуі; - отандық өндірушілердің жер қойнауын пайдалану нарығындағы қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жайлы хабарсыз болуы; - Қазақстан нарығында жергілікті қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің болмауы;
Мүмкіндіктері	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - отандық өндірушілерге қолдаудың толық мүмкіндіктердің болуы; - өндірушілерге бәсекеге қабілетті өнім өндіруге экономикалық ынталандыру шараларын қолдануға; - қосымша жұмыс орындарының ашылуы; - салықтық түсімдерді арттыру; - инвестициялық тартымдылық; 	<ul style="list-style-type: none"> - технологиялық дамуда кедендік одаққа мүше мемлекеттерден және дамыған елдерден артта қалу; - Қытай және Ресей сияқты ҚР мен шектесетін ірі дамушы елдерде өндірістің қарқынды дамуы салдарынан ішкі нарықтағы бәсекелестіктің айтарлықтай күшейуі; - сатып алу барысында ішкі нарықта жосықсыз бәсекелестік ортаның қалыптасуы;
<p>Ескертпе-автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4] [22] [32] [36]</p>	

Осыған орай мемлекеттік сатып алуда жергілікті өндірушілердің қолдауды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының кейбір тұстарын жетілдіруді талап етеді.

Мемлекет басшымыздың Қ.Ж. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа арналған жолдауында мемлекеттік сатып алуды реттейтін жаңа заңды қабылдау қажеттігі жөнінде тапсырмасы берілген. Бүгінгі таңға жаңа заң жобасы талқылаудан өтуде [1].

Талқыланудан өтіп жатқан Заңда әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз ретінде анықтауда мемлекеттік сатып алу шарттарын уақытылы орындау, сенімділік, негізсіз шағымдардың болуы, борышкерлердің тізімінде болмауы сияқты шартты жеңілдік қолдану қарастырылған.

Сондай-ақ, ҚР Қаржы министрінің 11.12. 2018 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағиданың 243 тармағында:

- 1) әлеуетті өнім берушіде жұмыстар, көрсетілетін қызмет нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) төленген салық көрсеткіші;
- 3) қаржылық орнықтылығы;
- 4) тауарлардың функционалдық, сапалық, техникалық пайдалану бойынша;
- 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау бойынша облыстың, тиісті әкімшілік-аумақта орналасуы;
- 6) теріс мәндер сияқты баға ұсынысына әсер ететін шартты жеңілдіктер қарастырылған.

Осы орайда 7) тармақша ретінде шартты жеңілдік беруде жергілікті (отандық) тауар өндіруші деген статусы бар әлеуетті өнім берушіге қосымша 3% шартты жеңілдік беруді ұсынамыз.

Түркістан облысындағы 484 жергілікті өндірушілерге мемлекеттік сатып алу тапсырыстарын орындауда өндірістерін қосымша кеңейтуге мүмкіндік береді. Жергілікті өндірушілердің қосымша тауар түрлерін өндіруге ынталандырады. Сонымен қатар жергілікті өндірушілердің санын арттыруға септігін тигізеді.

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы №521 бұйрығымен бекітілген тізімге Түркістан өңірінде жақсы дамыған жеңіл және жиһаз өнекәсібі тауарларын, электр тауарларын және азық-түлік тауарларын қосуды ұсынамын.

Тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу саласында біліктілік білімдерін арттыру. Яғни мемлекеттік сатып алу келісім-шартын орындауда әлеуетті өнім берушілер тарапынан жергілікті қамту бойынша үлесін ҚР Қаржы министрінің №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасына сәйкес тауарлардың 44-қосымшаға, орындалған жұмыстардың және қызметтердің 45-қосымшаға сәйкес есептерді дұрыс қабылданбауы.

Сондай-ақ, тапсырыс берушілер тарапынан мемлекеттік сатып алуды жоспарлауда шетелде өндірілген тауарларға артықшылықтар беру, яғни шетел тауарлардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес бюджетті қалыптастыру. Мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында негізсіз күрделендіретін, әкімшілендірілмейтін талаптарды белгілеумен жергілікті өндірушілер мемлекеттік сатып алуға қатысудан шығып қалып жатыр.

Жоғарыдағылардың негізінде сатып алу мамандарының жауаптылықтығын арттыру мақсатында және жергілікті өндірушілердің мемлекеттік сатып алуда құқықтарының шектелуін боддырмау мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық Кодекстің 207 бабында жауапкершілік қарастыруды ұсынамын [30].

Мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандардың кәсіби деңгейін арттыру

мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын адамдарды даярлау, қайта даярлау, семинарлардан, тренингтермен оқыту саласында заңнамалық талаптар жоқ. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік сатып алу мамандарын дайындалмайды. Сондай-ақ, шет мемлекеттермен салыстыратын болсақ, біздің елде заңнамада мемлекеттік тапсырыс берушілердің кәсібилігі жөнінде қағидасы жоқ.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маман лауазымын алуан түрлі мамандық иелерімен атқарылады. Түсіну керек, мемлекеттік сатып алу жөніндегі қызметкердің мамандығы нарықтық тәуекелдерді, бағалауды, бизнесті түсінетін және белгілі бір дағдыларды талап ететін өзіндік құралдары мен тәсілдері бар лауазым болып табылады.

Жүзеге асырылып жатқан сатып алулардың сапасын, мамандардың сауаттылығын арттыру үшін ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №125 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, даярлау және олардың біліктілігін арттыру, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруда жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» талаптың 15 тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу бойынша заңнамалық өзгерістер мен толықтыруларды мерзімдік семинар курстарын қосуды ұсынамын.

Сонымен қатар жоғарғы оқу орындарында «Мемлекеттік сатып алу» бакалавриат деңгейінде кадрларды дайындау бойынша мамандық енгізу қажет.

Қорытынды

Бүгінгі таңда Түркістан облысы өңірінде мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы көлеміне қарамай облыстағы жергілікті өндірушілердің үлесі 2021 жылмен салыстырған 2022 жылы 17,2 % төмендеген. Бұл мемлекет басшымыздың елдегі жергілікті қамту үлесін арттыру бойынша берілген тапсырмасы толық деңгейде орындалмай отырғандығын білдіреді.

Соынмен қатар өңірлерде жергілікті өндірушілерді қолдауда өңір жұмыспен қамтылу деңгейінің артуы, салықтық түсімдердің көбеюімен экономикалық өсу болатыны белгілі

Осыған орай мемлекеттік сатып алу барысында жергілікті отандық өндірушілерді қолдауды жалғастыруда төмендегі ұсынымдар беріледі:

1. ҚР Қаржы министрінің 11.12.2018 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының 243 тармағында 7) тармақша ретінде жергілікті (отандық) тауар өндіруші деген статусы бар әлеуетті өнім берушіге қосымша 3% шартты жеңілдік беру;

2. «Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы № 521 бұйрығымен бекітілген тізімге Түркістан өңірінде жақсы дамыған жеңіл және жиһаз өнекәсібі тауарларын, электр тауарларын және азық-түлік тауарларын қосу;

3. Жоғарыдағылар көрсетілгендерге сәйкес сатып алу мамандарының жауаптылығын арттыру мақсатында және жергілікті өндірушілердің мемлекеттік сатып алуда құқықтарының шектелуін боддырмау мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық Кодекстің 207 бабында лауазымды тұлғаларға «Ескерту» түріндегі жауапкершілік қарастыру;

4. Жүзеге асырылып жатқан сатып алулардың сапасын, мамандардың сауаттылығын арттыру үшін ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №125 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, даярлау және олардың біліктілігін арттыру, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруда жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» талаптың 15 тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу бойынша заңнамалық өзгерістер мен толықтыруларды мерзімдік семинар курстарын қосу;

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>. Жүгінген күн 26.04.2023ж.
- 2 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 21 қаңтардағы отандық бизнес өкілдерімен кездесуі https://www.inform.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-vstrechu-s-predstaviteli-otechestvennogo-biznesa_a3889124. Жүгінген күн 26.04.2023ж.
- 3 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты ҚР Президенті Н.Ә.назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. Жүгінген күн 06.02.2023ж.
- 4 Мемлекеттік сатып алу веб-порталы, ресми сайты 2023 жыл <https://v3bl.goszakup.gov.kz/ru/rep/rep/m004>. Жүгінген күндер 22.01.2023ж-28.06.2023ж.
- 5 Государственные закупки в Казахстане Реформирование системы в целях повышения эффективности: Ресми сайт <https://www.oecd.org/governance/8c22ccf8-ru.htm>. Жүгінген күн 18.03.2023ж.
- 6 How governments spend: Opening up the value of global public procurement : Сайт URL: <https://www.open-contracting.org/what-is-open-contracting/global-procurement-spend/>. Жүгінген күн 05.03.2023ж.
- 7 Шахова Г.Я., Крадинов П.Г. Эффективность бюджетных расходов в сфере государственных закупок // Финансовый журнал. – 2012. – №3. – С. 15-028. <https://cyberleninka.ru/article/n/effektivnost-byudzhethnyh-rashodov-v-sfere-gosudarstvennyh-zakupok>. Жүгінген күн 04.02.2023ж.
- 8 Казакова Е.Д., Богорад Е.Л., Кузнецова И.В. Внедрение концепции экологически чистых государственных закупок в федеральную контрактную систему России // Академическое приложение к журналу Госзаказ: управление, размещение, обеспечение. – 2012. – №7. – С. 34-046 <https://publications.hse.ru/en/articles/59435369> Жүгінген күн 17.02.2023ж.
- 9 Шадрина Е.В., Ромодина, И.В. Государственные закупки для устойчивого развития: Международный опыт // Вопросы государственного и муниципального управления.- 2017.-№1. –С.149-В <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennye-zakupki-dlya-ustoychivogo-razvitiya-mezhdunarodnyy-opyt>. Жүгінген күн 06.05.2023ж.
- 10 Молдабаев, С.С., Катаев, Н.А. Профессионализм заказчика в сфере государственных закупок // Вестник Московского университета МВД России. – 2021.-№1.-С. 84-В <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalizm-zakazchika-v-sfere-gosudarstvennyh-zakupok>. Жүгінген күн 04.05.2023ж.
- 11 Trepte, P. Regulating Procurement: Understanding the Ends and Means of Public Procurement Regulation: Oxford university press, 2004. – 411 p
- 12 Open Contracting Partnership How governments spend: Opening up the value of global public procurement- 2022: <https://www.open-contracting.org/wp->

<content/uploads/2020/08/OCP2020-Global-Public-Procurement-Spend.pdf>. Жүгінген күн 04.05.2023ж.

13 Иванов, В. В. Механизмы управления государственными закупками. – Москва: ИНФРА-М 2018. - 207 беттер.

14 Проданова, Н.А., Зацаринная Е. Особенности системы государственных закупок в Китае // Экономика, предпринимательство и право. 2015 –№5.- с. 151-158 беттер

https://www.researchgate.net/publication/305289488_Osobennosti_sistemy_gosudarstvennyh_zakupok_v_Kitae. Жүгінген күн 14.04.2023ж.

15 China eProcurement system website: сайт <http://www.ccgp.gov.cn/>. Жүгінген күн 14.05.2023ж.

16 Japan eProcurement system website: <https://www.ippi.jp/Search/Web/Index.htm>. Жүгінген күн 13.05.2023ж.

17 Brasil eProcurement system website: <https://www.gov.br/compras/pt-br/>. Жүгінген күн 12.05.2023ж.

18 Germany eProcurement system website: https://www.Ev.ergab.eonline.de/start.html;jsessionid=61DF353DD465C52F00D24E9D632801EE.app_2_01?0. Жүгінген күн 12.05.2023ж.

19 Opentender portals: <https://opentender.eu/start>. Жүгінген күн 17.05.2023ж.

20 Open Contracting Partnership Why openness matters: <https://www.opencontracting.org/impact/why-openness-matters/>. Жүгінген күн 18.05.2023ж.

21 Zertteu Research Institute. <https://www.facebook.com/zertteu/> Жүгінген күн 12.06.2023ж.

22 Түркістан облысының статистикалық көрсеткіштері. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары <https://stat.gov.kz/region/turkestan/>. Жүгінген күндер 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

23 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>. Жүгінген күндер 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

24 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

25 «Ұлттық режимнен алып тастауды белгілеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 49 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000049>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

26 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001178>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

27 «Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 521 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018768>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

28 «Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000047>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

29 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

30 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. Жүгінген күндер аралығы 22.01.2023ж-28.06.2023ж.

31 Доля отечественных производителей в госзакупках Казахстана, статья снижается <https://www.exclusive.kz/expertiza/daily/125549/page/4/>. Жүгінген күн 13.01.2023ж.

32. Вопросы закупок и развития местного содержания – приоритет НПП «АТАМЕКЕН» Сайт. <https://atameken.kz/ru/news/33421-voprosy-zakupok-i-razvitiya-mestnogo-soderzhaniya--prioritet-npp-atameken>. Жүгінген күн 07.03.2023ж.

33 Какова доля отечественных производителей в госзакупках РК? . Сайт <https://inbusiness.kz/ru/news/kakova-dolya-otechestvennyh-proizvoditelej-v-goszakupkah-rk> . Жүгінген күн 11.07.2023ж.

34 Индустриальный сертификат – поддержка и ответственность бизнеса. Сайт <https://kz.kursiv.media/2020-01-14/industrialnyy-sertifikat-podderzhka-i-otvetstvennost-biznesa/>. Жүгінген күн 08.04.2023ж.

35 Кто кормит Казахстана топ 100 крупных налогоплательщиков. Сайт <https://nalogikz.kz/docs/kto-kormit-kazahstan-top-100-krupneyshih-nalogoplatelshikov.html>. Жүгінген күн 29.01.2023ж.

36 Промышленные предприятия в Туркестанской области. Сайт <https://factories.kz/region/turkestanskaya-oblast>. Жүгінген күн 22.01.2023ж.

37 Кентауский трансформаторный завод-производство электродвигателей, генераторов и трансформаторов. Сайт <https://statsnet.co/companies/kz/18042351> Жүгінген күн 23.01.2023ж.

38 Реестр выданных сертификатов о происхождении товара формы СТ-KZ

Сайт [https://atameken.kz/ru/services/56-reestr-sertifikatov-o-proishozhdenii-tovara.](https://atameken.kz/ru/services/56-reestr-sertifikatov-o-proishozhdenii-tovara)
Жүгінген күн 26.06.2023ж.